



# АНА ТІЛІ

1990 жылғы  
наурыздың 22-сінен  
бастап шығады

Ұлт Тағзымы

Сөзі жоғалған  
жұрттың  
өзі де жоғалады



## **Смағұл Елубай: «ҰЛТТЫҚ ҚАСИРЕТТІ ҰЛЫҚТАЙ БІЛУ — ҰЛТ БОЛУЫМЫЗДЫҢ КЕШЛІ»**

**- Смағұл аға, таяуда Елбасының қабылдауында болып келдіңіз. Кездесуде қандай мәселелерді талқыға салдыңыздар? Сөз басында осыған тоқталып өтсеңіз...**

- Жуырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке қабылдауында болдым. Елбасының Алматыдағы резиденциясында 45 минуттық пікір алмасу болды. Халқымызды толғандырып отырған біраз мәселелер айтылды. Соның ішінде ашаршылық құрбандарын ұлықтау мәселесі мен көші-қон мәселесіне кеңінен тоқталдық. Елбасы біздің тарапымыздан қойылған сауалдарға толымды жауап берді. Кездесуден алған әсерімді көп кешікпей қағазға түсіремін.

**- Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Елбасы: ««Ашаршылық туралы жазылған «Ақ боз үй» романыңызды бастан-аяқ оқып шықтым. Біз мұны ұмытпауымыз керек. Елдің есінде қалдыруымыз қажет...», - деп баса айтты. Қазіргі таңда кеңестік кезеңдегі халқымыздың бастан өткерген сұрапыл ашаршылық туралы жазылған осы шығармаңызды, әсіресе, өскелең ұрпақ зор ықыласпен оқып жатыр. «Ақ боз үй» трилогиясының жазылуына кезінде қандай жағдай себеп болып еді? Романның жазылу тарихы қандай**

**- Смағұл аға, таяуда Елбасының қабылдауында болып келдіңіз. Кездесуде қандай мәселелерді талқыға салдыңыздар? Сөз басында осыған тоқталып өтсеңіз...**

- Жуырда Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың жеке қабылдауында болдым. Елбасының Алматыдағы резиденциясында 45 минуттық пікір алмасу болды. Халқымызды толғандырып отырған біраз мәселелер айтылды. Соның ішінде ашаршылық құрбандарын ұлықтау мәселесі мен көші-қон мәселесіне кеңінен тоқталдық. Елбасы біздің тарапымыздан қойылған сауалдарға толымды жауап берді. Кездесуден алған әсерімді көп кешікпей қағазға түсіремін.

**- Қазақстан халқы Ассамблеясының сессиясында Елбасы: ««Ашаршылық туралы жазылған «Ақ боз үй» романыңызды бастан-аяқ оқып шықтым. Біз мұны ұмытпауымыз керек. Елдің есінде қалдыруымыз қажет...», - деп баса айтты. Қазіргі таңда кеңестік кезеңдегі халқымыздың бастан өткерген сұрапыл ашаршылық туралы жазылған осы шығармаңызды, әсіресе, өскелең ұрпақ зор ықыласпен оқып жатыр. «Ақ боз үй» трилогиясының жазылуына кезінде қандай жағдай себеп болып еді? Романның жазылу тарихы қандай?**

- Романның жазылу жайын бұған дейін де баспасөзде көп айтқан едім. Негізі, романның жазылуына кеңес тарихындағы адам шошырлық әділетсіздік себеп болды. Біз әділетсіздікті мектепте оқып жүрген бала кезімізден сездік. Өйткені біздің ресми тарихта 1920-1930 жылдардағы ашаршылық жайлы бір ауыз сөз жоқ болды. Тек қана «асыра сілтеу болды» деген бірер сөйлем көретінбіз. Ал, біздің ауылымыз сол дозакты бастан кешкен ауыл еді. Сондықтан ана-аналарымыздың ол жылдар туралы әңгімесі ресми тарихқа мүлдем қарама-қайшы еді. Сондықтан да біз Кеңес Одағының тарихына

сенбедік. Қазақ мемлекеттік университетінің (қазіргі ҚазҰУ - С.Қ.) журналистика факультетінде оқып жүргенімізде әке-шешемізден, ауылдағы ақсақалдардан естіген әңгімелерді қағазға түсіріп, жинай бастадық. Біздің ауылымыз 1920-шы жылдар аяғында Голощекин заманында Ақтөбе облысының Байғанин ауданынан қаша-көшіп, Үстірт асып Қарақалпақстанға өтіп, одан Түркменстанға ауған көшпелі ауыл. Сол ауылдың тағдыры жайлы алғаш «Адасқан ауыл» деген романның нұсқасын қағазға түсірдім. Бірақ әдеби тәжірибеміздің жоқтығынан және тарихи материалымыздың аздығынан бұл ауыр тақырыпты әзірге көтере алмасымызды біліп, оны уақытша тоқтаттық. Сөйтіп, тек 1982 жылы ғана киностудиядағы жұмысымызды тастап, сол ата-бабамыздың көшкен жұрты Байғанин ауданына барып, Елубай атамыздың зиратына дұға қылып, ары қарай осы Үстірт асып, Қарақалпақстанға жеттік. 1980 жылдары сол сұрапыл ашаршылықты көзбен көрген адамдар тірі болды. Сол кісілермен сөйлестім, әңгімелерін тыңдадым. Содан кейін ел аралап, Қарақалпақстанның Хожелі, Шоманай, Қоңырат аудандарында болдым. Ол аймақта да кезінде елден кеткен ауыл ақсақалдары бар екен. Олармен қауыштық. Әңгімелерін тыңдадық. Одан әрі Түрікменстанның Ташауыз облысына барып, онда да кезінде Ақтөбеден кеткен қарияларды тыңдадық. Мінекей, осындай ізденістер нәтижесінде «Ақ боз үй» трилогиясы жазылды. Романға негізінен 1930 жылдардың апатын көзбен көрген адамдардың берген мәліметтері негіз болды. Өйткені Кеңес Одағының мұрағатында ашаршылықты кең суреттеген құжаттар жойылған еді. Осы күнге дейін біз осының зардабын шегіп келеміз. Совет тарихнамасы ашаршылықтың толық картинасын жасаудың жолын байлап отырды. Сол себепті біз сол нәубет заманды бастан кешкен адамдардың әңгімесіне ден қойдық. Сонымен қатар, біз сол 1920-1930 жылдары шыққан газет-журналға сүйендік. Тағы бір атап өтер жайт - өткен ғасырдың 20-30 жылдар психологиясын тануға бізге бір бағыт берген Бейімбет Майлин әңгімелері еді. Ол ұлы таланттың ашаршылық жайлы екі-үш әңгімесі бар. Осының өзі сол кездегі трагедияны ұғынуға септігін тигізді.

**- Елбасы Ашаршылықтың 80 жылдығын республика бойынша лайықты деңгейде атап өтуге тапсырма бергені көпшілікке белгілі. Осы орайда, ұлттық қасіретіміз болған ашаршылықты еске алу шаралары қалай өтуі керек деп ойлайсыз?**

- Нұрсұлтан Әбішұлымен кездесу кезінде мен «4 миллион халық қырылды» деп жүрген себебімді де айттым. Қазіргі уақытта 1931-1933 жылдары қырылған халықтың саны ресми нақтыланды ғой. Тарихшыларымыз оны 2 миллион 300 мың деп нақтылады. Ал енді, 1918-1922 жылдары, әсіресе, 1921 жылы ашаршылық шырқау шегіне жетті. Сол 1921-1922 жылдардағы ашаршылық зардабын зерттеуге Алаш Орда азаматтары комиссия жасақтап ол комиссия Қазақстан бойынша деректер жинаған. Зерттеу нәтижесін Мұхтар Әуезовке ресми жиындардың бәрінде жария етуді тапсырған. Бірнеше жиында М.Әуезов: «1921-1922 жылдары 1 миллион 700 мың қазақ қырылды. Оның 700 мыңы бабалар болды» деп мәлімдеп отырған. Ол құжатты тарихшы, ғалым Тұрсын Жұртбай ҰҚК-нің мұрағатынан тауып

алып, өз кітабында жариялады. Біз Елбасыға осы құжатты да айттық. Екі ашаршылықты қоссақ, М.Әуезов айтқан 1921-1922 жылдардағы 1 миллион 700 мың мен 1932-1933 жылдардағы 2 миллион 300 мыңды қоссақ, қарапайым арифметика, яғни 4 миллион қырылған адам саны шыға келеді. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» деген. Сондықтан да ашаршылықты ұлықтау мәселесіне үлкен жауапкершілікпен қарауымыз қажет. Осыған байланысты Елбасының Назарбаев университетінде мәлімдеме жасауы, 1932 жылдың Ашаршылықтың 80 жылдығын атап өтуге және осынау 4 миллион жоқтаусыз кеткен халықтың аруағына арналып алғаш рет белгі қоюға нұсқау беруі үлкен ұлттық қозғалыстың басы болды. Сұраусыз кеткен жарты халық аруағын өз деңгейінде ұлықтау билікке де, халыққа да, зиялы қауымға да үлкен сын. Егер біз осы мәселеде сүрінсек, алдағы тарих алдында да сүрінген болар едік. Енді міне, Құдайға шүкір, 31 мамыр күні сол кемшіліктің орнын толтыруға алғашқы қадам жасалынғалы отыр. Астана қаласында ашаршылық құрбандарына арналған алғашқы ескерткіш орнатылады. «Тағы не істеу керек?» дегенге келсек, Еуропада ұлттық геноцидтерге қойылған Холокост үлгісіндегі мемориалдық кешендер бар. Холокост болғанда, мысалы, мемориалдың бір есігінен кіріп, екінші есігінен шыққанда жұрт сонау 1916 жылдан 1986 жылға дейінгі Кеңес заманындағы ашаршылық, репрессия, тоталитарлық режим құрбандарының, яғни, ақтандақтар тарихын көріп шыққандай әсер алып, бейне бір айтылмаған тарихтың куәсі болып шығуы керек еді. Мұның жастар үшін тәрбиелік маңызы орасан зор болмақ. Ашаршылық құрбандарын ұлықтауда Қазақстанда да Холокост үлгісіндегі осындай үлкен мемориал-кешен ашылса ләзім болар еді дедік. Елбасы бұл пікірді дұрыс қабылдады. «Астанада Тәуелсіздік сарайының жанынан үлкен жана мемлекеттік мұражай салынып жатыр. Сол мұражайдың бір қабатын 1916 жылдан 1986 жылға дейін тарих ақтандақтарын баяндайтын болашақ мемориал-кешен үлгісімен жасақтауға болады» деді Нұрсұлтан Әбішұлы. Елбасының бұл шешімі бізді қатты қуантты. Осылайша миллиондаған аруақ разы болар киелі іске табан астында қасиетті қадам жасалынды. Ашаршылық - қазақтың ұлттық қасіреті. Сол жылдары халқымыз жойылып кетудің аз-ақ алдында тұрды. Ұлттық қасіретін ұлықтай алмаған ұлт - ұлт емес. Ұлт болуымыздың кепілі - осы ұлттық қасіретті ұлықтай білуімізде. Егер де біз бұл ұлттық қасіретімізді өз деңгейінде ұлықтай алмасақ, болашақ алдында, тарих алдында жүзіміз жарқын болмақ емес. Бұл ұлықтаудың ұлтқа сын екендігі осыдан. 31 мамыр күні бүкіл елде бір сәтке болса да туларымыз төмен еңкейтіліп, осынау орны толмас қасірет алдында бірер минут үнсіз бас иіліп, дұға оқылса құба-құп болар еді. Әрине, барлық мешіттерде Құран оқылады деп білемін. Отандық телеарналарда бұл күні ойын-сауық бағдарламалары тоқтатылып, ашаршылықтың ащы шындығы жайлы деректі және көркем фильмдер көрсетілсе. Осындай шаралар бізді біріктіре түсері сөзсіз. Сонда Қазақстан халқы қазақ халқының төңірегіне топтаса түсері сөзсіз. Соңғы кезде әр жерде Қазақстанда тұратын барлық ұлт өкілдері ашаршылық репрессия құрбандарын бірігіп атап өтіп, жазықсыз шейіт болған ата-бабалар рухына бірігіп бас иіп жатыр. Сондай бір шараға мен күні кеше

қатысып қайттым. Талдықорған қаласында Ассамблея мүшелерімен бірге дөңгелек үстел өтті. Үштөбеде Қазақстандағы кәріс диаспорасы 1937 жылы депортацияланып келген, ашаршылық, қуғын-сүргіннен қарапайым қазақтардың көмегімен аман қалғанын еске алды. Сол жерге «Қазақ халқына мың алғыс!» деп жазып монумент орнатты. Шараны Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Алматы облысының әкімшілігі өткізді.

**- Сол сұрапыл заманнан хабар беретін Б.Майлиннің «Күлпәш» атты әңгімесі мектеп оқулықтарында бұрындары бар болатын. Қазіргі оқулықтарда ол жоқ. Қалай ойлайсыз, ашаршылық тақырыбын жылы жауып қою кімдерге тиімді?**

- Менің бір шошығаным, өзің айтып отырған немесе Елбасы Ассамблея сессиясында атап өткен «Ақ боз үй» романы осы 1990 жылдардың басында мектепте әдебиет пәнінде ашық сабақ ретінде оқытылатын. Неге екенін білмеймін, 10 жыл бойы оқытылып келді де, соңғы 5 жылда әдебиет пәнінен алынып тасталды. Мен бұған қатты таңғалдым. «Бұл не? Біздің тарихымызға қатысты кеңестік көзқарастың қайта орнағаны ма?» деп мен бір министрдің алдында қатты айттым. Сондықтан ашаршылықтың ащы шындығы мектеп оқулықтарында жазылуы керек. Бұдан бөлек, мектеп оқулықтарында ашаршылықта құрбан болған халық саны нақты көрсетілмейді. Тіпті, біздің тарихшыларымыз 1932 жылдардағы ашаршылықты айтады да, 1921-1922 жылдардағы нәубетті кейде ұмытып кете береді. Тарихқа қиянат жасайды. Бұл неге екенін түсінбеймін. Мен осы екі ашаршылықтың қорытынды санын шығарған демограф-ғалым Мақаш Тәтімов мәліметін қолдаймын. Мақаң екі ашаршылықта қырылған қазақ санын 4 миллионға жақындатты.

**- Сіз бір сұхбатыңызда, 1911 жылы жүргізілген санақ бойынша қазақ халқы 10 миллионға жетеғабыл болған дегенді айтып қалған едіңіз. Осы тарихи фактіні кеңінен айтып берсеңіз...**

- 1897 жылғы бірінші Ресей империялық санағында қазақтардың саны 4 миллион 84 мың болған. Оны қазір жұрттың бәрі біледі. Ал енді 1911 жылғы халық санағы емес, жалпы мәліметтерді қорытқан ревизия бойынша қазақ халқының саны 8 миллионнан асқанын Чулощников деген орыс тарихшысы 1921 жылы жариялаған өзінің «Қырғыз-қайсақтар тарихы» деген кітабында келтіреді. Ол кітапты Орынбор мұрағатынан тауып алып, жария еткен - академик Мырзатай Жолдасбеков. Бұл кітап қазір менің қолымда. Міне, бұл тарихи дерек. Сонда 1911 жылы қазақ 8 миллион болса онда 1932 жылғы ашаршылыққа дейін халық кемінде екі есе көбеюі керек еді. Кемінде 16 миллион болуы керек еді. Сондықтан ашаршылықтың екі кезеңінде қазақтың қырылуы ақыл жетпес алапат мөлшерде болған деп ойлаймын. Ең қылмыстың сұрапылы, ең қылмыстың сорақысы мынау - Кеңес тарихшылары, статистері және оларды басқарып отырған Сталин, Голощекиннің идеологтары екі ашаршылықта қазақты қырып алғаннан кейін, осы қылмыстарын жуып-шаю үшін статистиканы әбден бұрмалады деп ойлаймын. 1939 жылғы сталиндік санақтың бір қорытындысында қазақтардың небәрі 1 миллион 900 мың адам қалғаны келтірілген. Сталин, Голощекин басқарған большевиктер қазақты жер бетінен жойып жібергісі

келген болды-ау деп ойламасқа шараң жоқ. Осындай ойлауға 1921 жылы Тоболин деген орталықтан келген бір комиссардың ресми жиында: «Мына қазақ деген халық социализмге жарамсыз екен. Сондықтан бұлардың аштықтан қырылып жатуы заңды» деп мәлімдегені белгілі. Яғни қазақтың қырылуын заңдастырайын деген. Мінекей, большевиктер қазақ халқына байланысты осындай сұрапыл, сорақы, тарихи қылмыс жасады. Сондықтан да мына ұлықтаудың логикалық түйіні енді «бұл миллиондаған халықты қырған (оның ішінде орыстар да бар, 250 мың қазақ емес шаруалар да қырылған) қылмысы үшін кім жауапты?» деген сауалға тірелері хақ. Осындай сұраққа жауап берілуі керек. Біз бұл халыққа қарсы жасалған сұрапыл қылмыс жасағандар Сталин, Голощекин және осы екеуі басқарған большевиктер партиясы деп білеміз. Осы партияға Қазақстанда символикалық түрде ашық сот болуы керек деп білеміз. Компартияның Қазақстандағы мұрагері сот алдында жауап беруі керек. Ең болмағанда, бұл партия отызыншы жылдары жасаған зұлымдығын мойындап, халық алдында кешірім сұрауы керек.

**- Біраз уақыттан бері «Қазақфильм» АҚ-ында қызмет атқарып келесіз. Бүгінде ашаршылық жайлы, қуғын-сүргін құрбандары жайлы деректі және көркем фильм түсіру жағы қалай, осы?**

- Ашаршылық жайлы деректі фильмді Қалиолла Омаров түсірді. Өзім көргенім жоқ әлі, бірақ көргендер жақсы түсірілген дейді. Биыл да бір жас режиссер ашаршылық тақырыбына көркем фильм түсіріп жатыр. Оның нәтижесін әлі көрген жоқпыз. Ал енді әңгімелесіп отырған ағаңыздың «Ақ боз үй» романы бойынша 1990 жылы «Сұрапыл Сұржекей» деген екі сериалды фильм түсірілді. Режиссері - Д.Манабаев. Сол кездегі қаржы тапшылығы фильм сапасына кері әсер етті. Сол фильм әзірше ашаршылық тақырыбына байланысты түсірілген ең үлкен көркем фильм. Дегенмен, бұл соңы болмауға тиіс. Ашаршылық жайлы фильмдер тағы да түсірілуі қажет.

**- Ашаршылық тақырыбын айтып отырып, қазақ көші жайлы айтпай кетуге болмас. Қазіргі уақытта шетелдегі қандастарымыздың жағдайы қалай? Бұл мәселеден хабарыңыз бар ма?**

- Кезінде «балапан басына, тұрымтай тұсына кеткен» заман болды. Мынау қазір шетелде тұрып жатқан 5 миллионға жуық қазақ сол кезде ашаршылықта торғайдай тозып кеткен халық ұрпағы. Өзбекстан, Қытай, Түркменстан, Тәжікстан, Иран, Ауған асып, ұзын-саны әлемнің 40 шақты елінде тұрып жатыр бүгінде. Олардың атамекенге оралуға деген құқығы бар. БҰҰ-ның «Адам құқы декларациясында» кезінде босып кеткен әрбір адамның өз тарихи Отанына оралуға деген құқығы жазылған. Біз сол халықаралық заңды сыйлауымыз қажет, сыйлап та жатырмыз. Соңғы жиырма жыл бойы қазақ көші тоқтаған жоқ. Ол тоқтамауға тиіс. Елбасымен болған әңгімеде осы мәселе де көтерілді. «Қазіргі кезде Қазақстанның оңтүстігі, әрине, халыққа толып отыр. Сондықтан да жұмыс, баспана мәселесін шешу үшін қандастарымыздың ендігі көші солтүстік облыстарға бағытталуы керек» деді Елбасы. Өте дұрыс саясат. Қазақ көші солай бет бұратын болса, солтүстік өңірдегі тіл мәселесі де шешіліп қалар еді. Жалпы біздің Үкімет жергілікті

жерлерде орын алған кейбір дағдарысты мәселені дер кезінде шеше алмаған өз кінәсін мойындамай барлық кінәні оралмандарға жаба салу әдетінен арылуы керек деп білемін. Азаматтық алып қалтасына Қазақстан паспортын салғандар шынтуайтына келгенде оралмандар емес, Қазақстан азаматтары. Ұлт көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқының көбеюін көптен армандап келеді. «Егер сол ашаршылық апаттары болмағанда Қазақстан халқының саны бүгінде 45-50 миллион болар еді!» деді Президент жақында бүкіл ел алдында. Тәуелсіздік стратегиясы, міне, осы. Қазақ көшіне зәредей зиян келтірген шенеунік Елбасының осы арманын түсінбеген, мемлекет мүддесіне зиянды шенеунік. Ондайлар өз орынтағымен қоштасуға тиіс. Өйткені ондай шенеуніктер жолы - Тәуелсіздік жолымен қабыспайды. Ал, Тәуелсіздік болса халық пешенесіне мың жылда, жүз жылда бір жазылар ұлы мұрат. Ол мұрат мәңгілік толыққанды болу үшін, алдымен, мәңгілік толықсанды ұлт болу керек емес пе?!

**- Сіздің соңғы шыққан «Қиямет-қайым ғасыры» атты кітабыңыз қоғамда үлкен ой-пікір туғызуда. Кітапта діни-пәлсапалық мәселелерді тереңнен көтергеніңіз оқырман қауымға мәлім. «Діні екеудің - тілі екеу» деп Әбубәкір Кердері атамыз айтқандай, бүгінде елімізде тіл мәселесі де, дін мәселесі де толықтай өз шешімін таппай келеді. Осының себебі неден болып отыр?**

- Өткен ХХ ғасырдың 20-30 жылдарында болған ұлттық апаттың рухани-мәдени салдарлары да сұрапыл болды. Яғни оның салдарлары да апатты болды. Біз дінімізден, тілімізден, ұлттық рухымыздан айырылып қала жаздадық. Кремль айтса болды, «кұлдық!» деп отыратын, қорқақ комформист зиялы қауым, саяси элита пайда болды. Жоғарыда айттық қой, Қызыл империяның қазақты жер бетінен жоюға тырысқанын. Сол кездегі комформисттік зиялы қауым Кремль саясатын екі етпей орындап отырды. Сол үшін оларды Кремль арқадан қақты. Ордендер берді. Ал қазақтың тілі, діні болса сорлап жатты. Елімізде 700 қазақ мектебі жабылды. Мешіттер жойылды. Қазақ миллиондап орыстанды. Халқымыз рухани тұрғыдан жойылуға бет алды. Ұлтқа деген рухани сатқындық 1970-1980 жылдары өзінің шырқау шегіне жетті. Құдайдан безгеніміз сонша, ішімдіксіз дастарқан жайылмайтын еді. Шала мас кемпір-шалдарымыз қисаландап жастар алдында билеп жүретін. Рухани құлдырау асқындады. Біреулер айтады: «Брежнев заманы қазақтың бақытты заманы болды» деп. Меніңше, олар надандықтан, ақылы жетпегендіктен айтады. Брежневтің тұсында ешқандай бақытты заман болған жоқ. Брежневтің кезінде қазақ тілсізденді, дінсізденді, қала берді, миллиондап орыстанды, ұлтсызданды. Азу деген осы емес пе?! Сондықтан 1930 жылдардағы апаттың саяси, рухани, мәдени салдарлары дәл бүгінгі күнге дейін жалғасып келеді. Қазақ өзінің ұлттық қалпына әлі түскен жоқ. «Қиямет-қайым ғасыры» кітабының жазылуы - осы біздің дінсіздігімізбен күрестің бір формасы. Кітаптың жазылуына жоғарыдан бұйрық болды. Кітап өткен жылы «Мереке» баспасынан шықты. Сөз орайы келгенде, Мереке Құлкеновке алғыс айтамын. Нағыз азамат екен, кітапты өз қаражатына шығарды. Енді кітаптың жаңа тарауларын жазып жатырмын. Бұл

кітап осы жылы жазда толығып, қайта басылып шығады.

**- Ел Азаттығына жиырма жыл болды десек те, әлі де болса, аяқталмаған бір іс бар. Ол - қазақ санасының деколонизация - отарсыздану үдерісінің шабандауы. Қалай ойлайсыз, халқымыздың толықтай рухани азат болуы үшін қанша уақыт қажет?**

- Әрине, 20 жыл бойы экономика саласында, Қазақстанды әлемге таныту бағытында үлкен тарихи жұмыстар атқарылды. Бұл тұрғыдан келгенде Қазақстан бұрын-соңды болмаған биікке көтерілді. Құдайға шүкір, бүгінде елімізде тұрақтылық бар. Дегенмен, отарсыздану үдерісі бізде шынын айтқанда, мемлекеттік саясат ретінде тәуелсіздік алған сәттен бастап жүзеге асырыла бастауы керек еді. Алайда экономиканың құлдырауы оны қалпына келтіру жұмыстары бірінші кезекке қойылды. Сондықтан 300 жыл отарлық қамытын киген ұлтты отарлық идеологиядан ада ету, азат ету, оның санасын тазалау ісі сәл кешеуілдеп жатыр. Мынау ашаршылық мәселесінің араға жиырма жыл салып ұлықталып жатуы да соның салдары. Сол себепті біз идеология саласында көп нәрседен ұтылдық деп ойлаймын. Бірақ «ештен кеш жақсы». Ендігі кезекте біз Елбасымен біріге отырып, осы мәселеде оның төңірегіне топтаса отырып, қазақ ұлтын қалыптастыруымыз керек. Ол әрқайсымыздың азаматтық парызымыз. Ұлтты қайта қалыптастыру үшін 300 жыл бойы қазақ санасын улаған құлдық психологиядан құтылу шарт. Ол үшін біздің тарихымыз, мәдениетіміз, тіліміз қалпына келуі керек. Бізге билік тарапынан уәде етілгендей, 2020 жылы Қазақстан халқының 95 пайызы қазақ тілінде сөйлеуі керек. Елбасы осындай талап қойғаннан кейін кез келген Қазақстан азаматы 2020 жылға дейін мемлекеттік тілді меңгеруі тиіс. Шенеуніктер болса Елбасының ел алдында берген уәдесін орындау үшін тіл үйрену саласындағы барлық тетіктерді басуы керек. Егер де, осы уәде жүзеге асып, 2020 жылы Қазақстан халқы 95 пайызға қазақ тілінде сөйлер болса, онда болашақ тарих алдында бәріміздің де жүзіміз жарқын болмақ. Рухани азаттық деген осы. Алаш арманы - осы.

**- Әңгімеңізге рахмет. Халқымыз аман, еліміз тыныш болғай!**

Әңгімелескен Сұлтан Қадырбек

«Ана тілі» газеті